

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

1-тарау. Антикалық философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

Аристотель бүкіл Батыс Еуропаның тұтас мыңжылдық ойлау салтын анықтап берді. Ойшылдың еңбектері өте жоғары деңгейде қастерленді, мұндай құрмет оның тұжырымдарының ақиқат және дұрыс екеніне күмәндануға негіз бермеді.

Галилео Галилей «Жер Күнді айналады» дегенде, күпіршілік жасады деп айыпталды. Неге? Оның көзқарастары Інжілге қарсы келгендіктен емес, Аристотельге қарсы шығуға батылы барғаны үшін! Талай адам табына дәріптеген осы бір таңғаларлық тұлға кім еді? Аристотель Афинада оқыды, еңбектерін де сонда жазды. Ол адам сенгісіз терең және зор парасат иесі болды. Оны бәрі қызықтырды. Ол өзінің ұлы ізашары Платонның мистицизмінен арылды. Оның жазбалары жүйелі, баяндау мәнері салиқалы болды. Қазіргі заманғы түсініктеме берушілердің бірі айтқандай, ол профессор сияқты жазды.

Өмірі

Аристотель біздің дәуірімізге дейінгі 384 жылы Ежелгі Грекияның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Стагир қаласында дүниеге келді.

Оның әкесі дәрігер еді. 17 жасында Афинаға кетіп, Платонның Академиясына оқуға түсті. Бұл – ұстазының ойына философиямен кірігіп кеткен мистицизм мен дін едәуір ықпал еткен кез еді. Шамасы Аристотельді, негізінен, өзін қоршаған заттар мен құбылыстарды бақылау және оларды сипаттау көбірек қызықтырған секілді. Біз бүгін мұны эмпирикалық ғылымдар деп атаймыз. Ол кейін Платонның көзқарастарынан бас тартқанына қарамастан, бұл қадамға ұстазын ұнатпағандықтан немесе оның жақсылығын бағалай білмегендіктен барды дей алмаймыз. Керісінше, Аристотель Платонның істеріне тәнті екенін ашық айтты.

Платон дүниеден өткен соң ол Академиядан кетті. Біраз уақытын Кіші Азияның солтүстік-батысында орналасқан Ассоста өткізді, сол жерде жергілікті Академияны құрған болуы да мүмкін. Осында ол жергілікті билеуші Гермийдің жиен қарындасы Пифидаға үйленді. Кейінірек әйелімен Түркия жағалауларына жақын Лесбос аралына аттанды.

Көп ұзамай македониялық Филипп патша Аристотельді солтүстік Грекияның таулы аймағына шақырды.

Аристотельдің басты міндеті – он үш жастағы македон ханзадасы, кейін ұлы Александр атанған Ескендір Зұлқарнайынға білім беру еді.

Аристотель патша оқытушысы қызметін төрт жыл атқарды. Әйтсе де осындай қызметте болғанына қарамастан, империяны мемлекеттіліктің ең жоғары идеалы етіп көрсетуге құлықты болмады. Аристотель үшін гректің қала-мемлекеті мінсіз саяси құрылым болып қала берді.

Б.д.д. 335 жылы Афинаға оралып, қаланың сыртында өз мектебін – Ликейді ашты. Оқу орнының атауы оған жақын орналасқан Ликейлік Аполлон ғимаратымен байланысты сияқты. Бұл мектепте дәрістер оқылды. Сонымен қатар, Ликей ғалымдар мен ойшылдарды жинаған ерекше орталыққа айналды. Уақыт өте онда тамаша кітапхана пайда болды. Ликейдің шәкірттері мен ұстаздары көбіне көлеңкелі гүлзарлар мен галереялардың бойымен қыдыра жүріп әңгімелесетін, оқитын және ойға шоматын. Аристотельдің философиялық ойлары кейде «перипатетикалық» деп аталады, яғни «Ликей шәкірттері дәріс алып, философиялық әңгімелер жүргізілген сондай серуендер барысындағы пайымдаулар нәтижесінде пайда болған» деген сөзді білдіреді. Ол өз кітаптарының басым бөлігін дәл осы кезеңде жазды. Ликей Платонның жартылай діни және мистикалық Академиясына қарағанда маңыздылау оқу орны еді.

Ұлы Александр б.д.д. 323 жылы дүниеден өтті. Оның өлімі Грекия жерінде македон үстемдігіне қарсы күшті наразылық туындатты. Бұл қоғамдық бүліктен Аристотель де жапа шекті. Оның Афинадан кетуі дұрыс қадам еді. Ойшыл б.д.д. 322 жылы 62 жасында ауырып қайтыс болды.

Физика және метафизика

Платонның идеялар теориясына адамдардың бәрі бірдей таңдай қағып, тамсана қараған жоқ. Бұл теория қоршаған дүниені екіге қақ бөлгендей болды. Оның мақсаттарының бірі –



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

дүниеде бар болған заттар мен құбылыстардың көптүрлілігін түсіндіру еді. Бірақ мұның бәрі материалды объектілердің көптеген формаларының қатар тіршілік етуін тіпті де түсіндіре алмады. Егер заттар белгілі бір формаға ие болғандықтан тіршілік етер болса, бұл жайт осы заттардың өзгеру немесе жойылу процестерін түсіндіре алмайды. Платон формалардың өздері анықтайтын заттарға қатысын түсіндіруге тырысқан сәттерде ақындық образдармен сөйлеп кететін. Аристотель Платон іліміндегі әлсіз тұстардың бәрін өзінің универсалиялар теориясында түзету қажет деп шешті.

Универсалиялар

Кейбір сөздер қайталанбас, бірегей заттарды білдіреді. Мысалы, «Тәж-Маһал» немесе «Ғаламат Жак». Қайсыбір сөздер көптеген ортақ белгілері бар заттарды білдіреді: «кереует», «кресло», «ит», «қара», «тәтті». Универсалиялар осы соңғы сөздерге ұқсайды. Аристотель осылайша субстанция, яғни қайталанбас, бірегей мен универсалияның, басқаша айтсақ, жалпының арасындағы айырмашылықты көрсетті. Субстанция – жеке атаумен белгіленетін зат. Универсалия – біртекті объектілер тобын білдіретін атау немесе сын есім. Мұндай атау тектік белгілерімен мәлім затты білдіреді, бірақ нақты затты көрсете алмайды. Универсалия кейбір заттардың ортақ белгісін білдіреді. Үстелімнің қасындағы кресло, мен отырған кресло, кереуетіме қарсы орналасқан кресло және бақтағы кресло – бұл ұғымдардың бәрі әртүрлі және бәрі әртүрлі материалдардан жасалған. Осы заттардың бәрін креслолардың қатарына жатқызуымызға мүмкіндік беретін ортақ нәрсе, шын мәнінде, универсалия болып шығады.

Қазіргі уақытта біз осы ұқсастықтар туралы айту нақты дүниені талдаудан гөрі адамның сөйлеу сөзінің ерекшелігіне көбірек байланысты және метафизикаға еш қатысы жоқ деп түюге бейімбіз.

Мән

Адамдардың ойлау қызметінің категориялық формада өтетіндігіне тұңғыш көңіл аударып зерттеген ойшыл – Аристотель. Ол осы еңбегінде көптеген категорияларға талдау жасаған. Аристотельдің зерттеуінде категориялар болмыстың да, ойлаудың да формалары. «Категория» деген сөздің өзі болмыстың жіктелген жалпы формалары дегенді білдіреді.

Ойлаудың басқа мазмұндары мен элементтерінен категорияларды ажырата білу, оның табиғатына дербес көңіл бөлу таным мен философиялық ойдың біршама жоғары дәрежесінің белгісі. Ол адамның өзін және өз ойлауын зерттеудің дербес объектісіне, пәніне айналдырды деген сөз.

«Категориялар» деген еңбегінде Аристотель алғаш рет егжей-тегжей талдау арқылы он негізгі ұғымдарды ұсынады. Олар: мән, сапа, сан, қатынас, орын, уақыт, орналасу, иелену, әрекеттену, зардаптану. Олар мынандай сұрақтарға жауап береді: «не бар?», «қандай?», «қанша?».

Оның категориялары бір жағынан алып қарағанда болмыстың мінездемелері, екінші жағынан ойдың бітімдері ретінде қаралады.

Бұл олардың ішіндегі негізгісі – мән. Мән мен құбылыстың арақатынасын ашуда ежелгі грек философы Аристотель көп ой тартқан. Ол бірінші мән ретінде нақтылы өмір сүріп жатқан жеке заттарды жатқызады. Ал оларға тән жалпылықты ол – «тек», «түр» ретінде екінші мән дейді. Платонның мәңгілік идеялар дүниенің түпкі мәні деген көзқарасын талдай келіп, Аристотель мәні болып тұрған заттан ол бөлек, мәңгі өмір сүре алмайды деген тұжырымға ойыстаған. Сонымен, бұл арада Аристотель Платонның көзқарасымен қайшы келеді: жеке заттардан бөлек жалпылық өмір сүре алмайды. Жүре келе ойшыл «тек», «түрді» – морфе, яғни бітім деген ұғымға ауыстырып, заттың терең мәні сонда деген пікір айтады.

Мән дегеніміз – тіпті де универсалия емес. Мән – қандай да бір заттың ішінде жатқан нәрсе немесе әлдебір құбылыстың, оқиғаның табиғаты. Ешбір зат және ешбір құбылыс, өмір сүруін тоқтатқанда болмаса, өз табиғатын жоғалта алмайды. Объект бар болмай тұрғанда-ақ онда мән болады.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

Жалпы ежелгі грек философиясында белгілі бір заттың мәні біреу-ақ, онда көп мән болуы мүмкін емес. Сонымен қатар, ол бөлшектенбейтін нәрсе деген көзқарастар айтылған. Бұл ойлар философия тарихының, сөз жоқ, жетістіктеріне жатады.

Форма және материя

Егер мен пластилиннің кішкене бөлігін алып, оны дөңгелектеп илесем, бұл жағдайда материя, әрине, пластилин болады. Сол материяны мен домалақ формаға айналдырдым. Форма материяға субстанцияға айналу мүмкіндігін береді.

Аристотель: «Жан – тәннің формасы», – дейді. Адамның жаны тәнге форма береді, оны киген тән өмір сүреді, тән солар үшін өмірлік мақсаттар қояды, оның міндетін анықтайды. Ол заттың формасы – оның мәні және алғашқы субстанциясы, ал универсалиялар маңызды емес», – деп тұжырымдайды. Заттың формасы мен материясы ол зат жасалғанға дейін-ақ бар болады.

Формасыз материяда тек потенциал, яғни затты жасау мүмкіндігі ғана бар. Заттың актуальділігі оның формасына тікелей тәуелді. «Потенциалды» және «актуальді» ұғымдары дүниедегі өзгерістерді түсіндіруге тырысушы Аристотель үшін өте маңызды болды.

Философиялық ойдың, әсіресе логиканың тарихында ұзақ дәуірдің ішінде форма туралы мәселе қаралғанда көбінесе осы сыртқы формаларды бірден бір форма деп түсінген. Аристотель оны материя мен форманың арақатынасы ретінде талқылаған. Оның ойынша материя сапасыз, ешбір айқындықсыз зат, ал форма ғана материяға түр береді, форма соншалықты белсенді. Венераның мүсінін мәрмәрден де қашауға, қоладан да құюға болады.

Болмыс біртекті емес, оның өзіндік иерархиясы бар. Тегістелмеген тас, мысалы, тегістелген тасқа қатысты алғанда потенциалды күйде, яғни онда тегістелу мүмкіндігі бар. Тегістелген тас тегістелмеген тасқа қатысты алғанда өзекті күйде болады. Дегенмен, ол да, айталық, үйге қатысты алғанда әлеуетті күйде болады. Дүниеде болып жатқан өзгерістерді Аристотельдің қалай түсіндіретінін ұғыну үшін біз ең әуелі оның «себеп» деген ұғымды қалай түсінетініне назар аударуымыз керек.

Себеп

Ойшыл себептердің біртұтас жіктемесін жасауға ұмтылды. Ол себептердің төрт негізгі түрін бөліп көрсетеді.

1. Материалды себеп – сөзбен тұтасатын дыбыстар, логикалық ой-тұжырымдар түзетін дәлелдер тәрізді объект қалыптастыратын заттың, нақты дүниенің негізі.

2. Формалды себеп – қоршаған дүниеде қандай да бір объект өмір сүре алу үшін қажет болатын форма. Мысалы, доп резеңкеден жасалуы тиіс, себебі резеңке оның материалды себебі немесе түпнегізі. Бірақ доп, сонымен бірге, домалақ болуы тиіс, домалақ болу – оның формалды себебі.

3. Туындатушы себеп – қандай да бір процестің басталуы және дамуына немесе оқиғаның пайда болуына әсер етер себеп. Мысалы, біреуге айтылған кеңес оның инженер боламын деген шешімін туындатушы себеп бола алады. Адамның бойында ұстазының ықпалымен пайда болған шабыттаны оның поэзияға деген қызығушылығын туындатушы әсер етуі мүмкін. Автомобильдің терезесінен лақтырылған темекі тұқылы орман өртінің туындатушы себебі бола алады.

4. Мақсатты себеп – адам жетуге ұмтылатын ниет немесе мақсат. Мысалы, түскі тамақтан кейінгі жаттығудың мақсатты себебі – келесі аптадағы матчта жеңіске жету.

Телеология

Біз себепті өзінен кейін өрбитін оқиғаға дейін болатын нәрсе деп түсінуге әдеттендік. Мысалы, оттың пайда болу себебі – сіріңке қорабына сіріңкені шағып, жағу. Аристотель



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

мақсатты себепті ең маңызды себеп ретінде жиі қарастырады. Адамның жылынғысы келген әрекеті оттың себебі болды. Бұл жағдайда себеп, яғни жылыну оқиғадан кейін болып отыр. Мұнда себеп от жағудың мақсаты ретінде көрінеді. Бұл – телеологияның еншісіндегі нәрсе. Табиғатты біз машина секілді деп ойлаймыз. Аристотель табиғатты өз идеясын жүзеге асыруға талпынған суретшіге немесе туындыгерге ұқсатты.

Енді біз оның форма, материя және себеп ұғымдарын қолдана отырып, өзгерісті қалай түсіндіретінін ұғына аламыз.

Табиғаттағы кез келген өзгеріс аясында екі тарапты атап көрсетуге болады: біріншіден, объектінің жекелеген ерекшеліктерінің өзгермейтіні, екіншіден, барлық қасиеттердің нағыз өзгерісі.

Материя әртүрлі формаларда бола алады. Қандай да бір заттың немесе оқиғаның дәл осы сәттегі формасы – зат формаға ие болған сәтте туындаған оның әлеуеттілігі. Мәселен, қарапайым ұрықты алайық. Бірақ ұрық белгілі бір әлеуетке ие. Әр затты немесе оқиғаны олардың материясы мен формасын қарастырудың көмегімен түсінуге болады: олар қалай қозғалады немесе өзгереді, қалай бір формадан басқа формаға өтеді. Ұрық гүлге айналады. Әр зат немесе оқиға үнемі белгілі бір халде және басқа күйге ауысу процестерінде болады. Форма – өзгермелі тарап, материя бұрынғы қалпында қалады.

Аристотельдің осы мәселелер туралы пайымдаулары өзінің «Физика» және «Метафизика» кітаптарында баяндалған. Ол бірінші болып сөздік қорға «метафизика» сөзін енгізді. Ойшыл өз заманындағы қалыптасқан білімдерді толық жіктеп, жүйеге келтіргені мәлім. Ол кезде әрбір ғалым, ойшыл ілімдердің барлық салаларын біліп, ой түзеуі тиіс болды. Ғылымдардың салаларын баяндауда ол физикадан кейін қазіргі біз философияға жатқызатын ойлар жүйесін орналастырған. Бұл саланы Аристотель алғашқы философия деп атады. Алғашқы философия бойынша сезімдермен тануға болмайтын тек ақылмен ғана мәніне жете алатын түпкі бастаулар туралы ғылым. Ғылым мен философия тарихында ұзақ уақыт білімдердің осы саласын метафизика деп атап кетті, яғни физикадан кейінгі білімдер саласы дегенді білдіреді. Қазіргі Батыс философиясында көбіне осы мағынада қолданылады.

Осы кітабында ол «материялылықтан тыс» болып жатқан құбылыстар туралы ойларын жинақтап көрсетеді. «Метафизиканың» зерттелуі «физикадан кейін» болғанның бәрін дерлік қамтыды. Екі мағына да «метафизика» сөзінің өмірге келуіне негіз болған ұғым ретінде қарастырылады.

Логика

Аристотельдің логика туралы еңбегі қазір ескірген деп саналады. Бірақ өз кезінде ол ерекше бағаланды. Оның зор беделге ие болғаны сонша: «Неге оның теориясы дұрыс?», – деп ешкім сұрай да алмайтын. Әрине, бұл тіпті де философиялық ойлау тәсілі емес, бірақ солай болғаны рас. Аристотельден кейінгі екі мың жыл бойына логика дамыған жоқ. Аристотельді көбіне дедуктивті ойлау қызықтырды. Дедуктивті ойлау дегеніміз – жалпы фактілерден жеке қорытынды немесе тағы бір жалпы қорытынды шығару. Ойлаудың осы әдісін қолдану үшін ол силлогизмді пайдаланды. Ойлаудың бұл типінің мәні мынада: дәлелдер немесе алғышарттар ақиқат болса және оларды баяндау мәнері дұрыс болса, қорытындылар да ақиқат болуы тиіс.

Аристотель шығармаларының алғашқы редакторлары оның логика жөніндегі еңбектерін «Органон» деп аталған жеке жинаққа біріктірді. Бұл сөз «құрал» дегенді білдіреді. Оның өзі логиканы танымның негізі ретінде қарастырмады, бар болғаны ой құрау процесі ғана деп есептеді. Ол мазмұнына қарамастан өзі жұмыста қолдана алатын процесті, нақтырақ айтқанда, ойлау процедурасын тапқысы келді.

Дедуктивті ойлау

Енді біз кейбір арнайы терминдерге жақындадық.

Пайымдаулар – субъект пен предикаттан тұратын сөйлемдер: «Ит мазасызданып тұр». Бұл



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

жерде субъект – біз не туралы айтып тұрсақ сол, яғни «ит». Ал предикат – субъект туралы айтып тұрғанымыздың мәні: «мазасызданып тұр». Пайымдаулар белгілі бір формаларды қабылдауға тиіс: бір категорияға кіретін ұғымдар басқа категорияға да кіре алады (немесе кіре алмайды). Мысалы, «ит» категориясына жататын әлгі хайуан «мазасызданушылар» категориясына да жатады.

Пайымдаулардың төрт типі бар:

1. Адамдардың бәрі ажалды.
2. Кейбір адамдар ажалды.
3. Кейбір адамдар ажалсыз.
4. Ешбір адам ажалды емес.

Бұлар ақиқат немесе жалған болады. Есте сақтаңыз: пайымдаулар жалған немесе ақиқат, ал тұжырымдар қисынды немесе қисынсыз болады.

Силлогизм

Бұл – ойлаудың Аристотель ұнатқан формасы. Силлогизм – үш пайымдаудың жиынтығы. Екі пайым бар.

1. Пайым – қандай да бір дәлелді білдіретін пайымдау.
2. Алғашқы екі пайымнан қорытынды – үшінші пайымдау шығады.

Силлогизмнің мысалы: Сүңгуір қайықтардың бәрі су астында жүзеді. Ешбір кеме су астында жүзбейді. Ешбір сүңгуір қайық кеме бола алмайды. Ақиқат қорытынды жасау үшін екі пайым да ақиқат, ал тұжырым – қисынды болуы тиіс.

Индуктивті ойлау

Бірақ барлық пайымдаулардың абсолютті ақиқатын қалай табу керек? Ойлаудың индуктивті деп аталатын тағы бір типі бар. Бұл әдістің мәні – пайымдаулардың ақиқатына бақылау негізінде жету. Индуктивті әдісті мына мысал арқылы көрсетуге болады: Сократ – адам және ол ажалды. Платон – адам және ол ажалды. Аристотель – адам және ол ажалды..., яғни барлық адам ажалды.

Ойлаудың индуктивті әдісі ықтимал қорытындыларды баяндауға бағытталған. Әрі қарай осы ықтимал қорытындылардан оларды да іс жүзінде тексеруге болатын басқа қорытындылар жасалуы мүмкін. Аристотель индуктивті ойлауды дамытқан жоқ. Фрэнсис Бэкон мен Джон Стюарт Милльдің еңбектерін біраз уақыт күтуге тура келді.

Қазіргі уақытта Аристотельдің логикасы ескірген және таралу аясы да шектеулі. Егер сіз қазіргі заманғы логиканы зерттеуді қаласаңыз, математикалық сандық белгілерді қолданатын символдық логикаға назар аударыңыз. Оның логикаға байланысты еңбегі оның «Бірінші аналитика» кітабында бар.

Эстетика

Ойшылдың эстетикасы, оның әдемілік туралы ілімі «Поэтикада» жинақталған. Бұл кітаптың мәтіні, өкінішке қарай, бізге толығымен жетпеді.

Оның пікірінше, поэзия – адам өмірінің бәріне белгілі қырларына еліктеу. Комедия – ұсқынсыздықты кейіптеу. Трагедия – негізгі мақсаты аяу, мұң және үрей сезімдері арқылы эмоция туғызуды көздейтін байыпты іс-әрекетті кейіптеу.

Трагедияның басты кейіпкері – өзін-өзі орға жыққан адам. Бірақ ол басқа кейіпкерлердің арасындағы ең бекзаты, яғни – басты кейіпкер.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 5. Аристотель: ақылды пайымдау. 1-бөлім

Трагедияда үш негізгі мәселе бар: тағдырдың өзгеруі, сюжеттің дами келе шегіне жетуі және басты кейіпкердің азап шегуі.

Аристотельдің комедия туралы ілімі сақталған жоқ.

Жан

Оның ілімінде субстанцияның үш түрі бар делінеді. Біріншісі – сезімдік және өткінші субстанциялар. Мысалы, жануарлар мен өсімдіктер. Екіншісі – сезімдік және тұрақты, яғни мәңгілік субстанциялар. Оған жұлдыздар мен аспан денелерін жатқызуға болады. Олардың қозғалысы – біз бақылай алатын жалғыз ғана өзгеріс. Үшіншісі – сезімдік те, өткінші де емес субстанциялар: Құдай мен адам жаны.

Аристотель ілімі адам жанының ажалсыздығы туралы айтатынына сенімді емеспіз. Себебі оның жазбалары соншалықты дәл емес. «Жан туралы» кітабында ол жанның көшуі ұғымын әжуалайды және жан мен тәннің арасында өте мықты байланыс бар деп біледі. Тән – адамның материясы ғана, жан – осы материяның формасы. Жан – тәннің мәні, оның өзегі және мақсатты себебі. Дегенмен ақыл-ой тәннен әлдеқайда жоғары; ол – жанның ойлайтын бөлігі. «Никомах этикасында» Аристотель жанды құрамында рационалдық та, иррационалдық та мән бар объект ретінде сипаттайды. Ақыл-ой Құдайдан берілген. Демек, ақыл-оймен үйлесімді өмір де – Құдайдың бергені. Егер солай өмір сүрсек, бізге ажал құрығы жетпейді. Ойшылдың пікірінше, бұл – жеке тұлғаның ажалға мойынсұнбауы емес, Құдайдың тылсым мәңгілігінің бір бөлігі ғана. Аристотельдің ойынша, адам тұлғасы тәнмен, сонымен бірге жанның иррационалдық бөлігімен байланысты.

Оның жанның мәңгілігі туралы түсінігі, жалпы алғанда, қазіргі оқырманның түсінігіне сәйкес келеді, бірақ кей тұсында аздаған айырмашылықтар бар. Христиан діні ежелгі грек философиясының идеяларын қабылдап алып, олардың негізінде өзіндік дүниетаным қалыптастырды. Христиан теологиясының дамуы Сократсыз, Платонсыз және Аристотельсіз мүлде басқаша болар еді. Кейінгі христиан ойшылдарына дәл осы грек философтарына тән ойлау салты қатты ықпал етті. Ақыр соңында олар көзқарастар жүйесін, демек, бүгінгі Еуропа мен Американың көптеген елдері мұра етіп алған христиан өркениетінің негізін де қалыптастырды. Ең аяғында ежелгі дүниенің осы мұрасынан ойлаудың ғылыми образы, зайырлы дәстүр, адам құқығын қорғау туралы ұғым пайда болды. Осының бәрі жинақтала келіп қазіргі батыс адамы үшін қалыпты нәрсеге, оған қоса бүкіл Батыс өркениеті үшін мәдени негізге айналды.